

ӘОЖ 81

ГТАХР 17.71.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.028>

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫРЛАРЫ (ӘСИЯ БЕРКЕНОВАНЫҢ АЙТЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Шахманова Г.Ш.¹, *Тлеубердина Г.Т.², Нуржаксина М.К.³

^{1, *2, 3} Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының байырғы өнерінің бірі, фольклорлық жанр – айтыс жайлы сөз етіледі. Айтыс – қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрінің ажырамас бөлігі, әдеби мұраның маңызды қабатын құрап қана қоймай, ұлттық салт-сананы, тіл мен тарихты сақтауға үлес қосатын өнер түрі. Осындай дәстүрлі өнердің көрнекті өкілдерінің бірі, суырыпсалма ақындығымен ерекшеленген тұлға – Әсия Әйіпқызы Беркенова. Әсия Беркенова – қазақ мәдениетінің қайта жаңғыруы мен ұлттық мұраның сақталуына елеулі үлес қосып келе жатқан айтулы ақындардың бірі. Мақалада сахна төрінде ақындық шеберлігін поэтикалық өрнекпен жеткізе білген дара ақын Әсия Беркенованың шығармашылық жолы мен айтыс өнеріне қосқан үлесі қарастырылады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – айтыскер ақынның шығармашылық мұрасын жүйелі түрде талдай отырып, оның қазіргі қазақ айтысындағы өзіндік орнын айқындау. Зерттеу барысында ақынның айтыстағы даралығы, тілдік-стильдік ерекшелігі, сөз қолдану шеберлігі, сондай-ақ қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге көзқарасы сарапталып, айтыстарындағы көркемдік-эстетикалық мазмұн поэтикалық талдау аясында ашылады.

Зерттеудің ғылыми маңызы – айтыс өнерінің қазіргі кезеңдегі көркемдік қырларын тұлғалық шығармашылық арқылы саралап, айтыс поэзиясындағы ұлттық идея мен рухани мұра жалғастығын көрсетуінде. Ә.Беркенованың айтыс тарихындағы қазақ қыздарының сара жолын көркемдік тұрғыдан құнды айтыстарымен жалғастыра білгені, айтыс өнеріне қойылатын талаптар мен міндеттерді ұстанғаны, қазіргі айтыс тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырғаны ғылыми тұрғыда айқындалады. Айтыскер ақынның тарихи-әлеуметтік, қоғамдық, саяси және әдеби мәселелерге қатысты өміршең тақырыптарды негізгі нысанға алуы, сонымен қатар кейінгі жастардың тәлім-тәрбиесіне, отбасы құндылықтарын қастерлеуге, жас ұрпақтың тарих пен әдебиетті сабақтастықта танып, ұлттық болмыстан ажырамауына үндейтін қастерлі ойлары талданады.

Зерттеудің практикалық маңызы – алынған нәтижелерді халық ауыз әдебиеті курстарында, айтыс өнерін талдау мен оқытуда, сондай-ақ әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын толықтыруда қолдануға болады.

Бүгінгі қазақ айтысы синкретті өнер ретінде тақырыптық, жанрлық өзгерістерге ұшырап, заман ағымымен қатар дамуда. Сондықтан қазіргі

заманғы үрдістер мен қажеттіліктерге бейімделген айтыстарды талдау мақаланың өзектілігін танытады. Бұл мақала халқымыздың мәдениеті мен әдебиетін зерттеуге айтулы үлес қосып, рухани мұрамыз айтыс өнерінің рөлі туралы түсінігімізді кеңейтеді.

Тірек сөздер: айтыс, ақын, тапқырлық, көркемдік тәсіл, Әсия Беркенова, шеберлік, поэтикалық құрылым, ақындық мұра

Кіріспе

Қазақ халқы мәдени мұраға бай халық. Сол мәдениеттің бірі де бірегейі – айтыс өнері. Айтыс – халық ауыз әдебиетінің синкретті жанры. Себебі айтыскер айтыс үстінде домбыраның сүйемелдеуімен өлең құрап, қарсыласына дәйекті жауап қайырып, шеберлік пен тапқырлықты ұштастырады. Ақындардың ақындық алғырлығымен қатар сазгерлік, әншілік, орындаушылық шеберлігі де үлкен маңызға ие. Көркемдік құндылығымен қатар айтыс өнері терең идеялық-мазмұндық мәнімен қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналды.

Зерттеуші Қ.Д. Асанов «Ақындар айтысы өнер түрінде қазақ халқының тарихымен бірге біте қайнасып келе жатқан рухани құндылық. Айтыс жырларында халқымыздың ғасырлар бойғы қуанышы мен шаттығы, қайғысы мен мұңы, әлеуметтік болмысы, дәстүр-салт, әдет-ғұрып, ой-армандары – барлығы да бедер тауып, суреттелген» [1], – деп айтыс арқылы тарихи дәуір шындығы мен халықтың өмірлік ұстанымдары көрініс табатынын көрсетсе, белгілі фольклортанушы, академик С. Қасқабасов: «Айтыс – халықтың өзін-өзі тануы мен өзгеге танылуының көрінісі. Бұл жанрда тек суырыпсалма шеберлік емес, халықтың дүниетанымы, саяси-әлеуметтік көзқарасы, моральдық қағидалары көрініс табады» [2], – деген пікірі арқылы суырыпсалмалық өнерді поэзия ғана емес, қоғамның рухани өмірінің айнасы деп бағалайды. Кейінгі зерттеушілер, «айтыс өнері әр дәуірде пайда болып, өмір сүрген қоғам адамдарының өмірімен, саяси және әлеуметтік жағдайларымен, кемшіліктермен, жетістіктерімен тығыз байланысты дамып, көркемдік шыңына көтерілді» [3], – дей келе айтыстың бүгінгі заманда да әлеуметпен тығыз байланысты екенін айтып, айтыс арқылы елдік мүдде мен рухани құндылықтар дәріптелетінін жеткізеді.

Айтысқа ұқсас поэтикалық жарыс түрлері түркі халықтарының фольклорында да кең таралған. Мысалы, қырғыздың «санжыра» және «айтыш» дәстүрлері, өзбектің «бақсы мен масхарабаз» тартысы, түріктің «атышма» немесе «дейішме», әзербайжан мен татар халықтарындағы «мүнәзара» формалары айтыспен мазмұндық әрі құрылымдық жағынан сабақтас. Бұл көркем сөзбен жарысу дәстүрі Орта Азия халықтарының ауыз әдебиетіндегі ежелгі көріністердің бірі ретінде бағаланады. Сонымен қатар, поэтикалық тартыс үлгілері араб бәдәуилерінің «зәжәл» (zajal), үндістандық «муқабала» (muqabala) секілді әдеби формаларында да кездеседі. Бұл айтыстың тек ұлттық қана емес, мәдени-өркениеттік құбылыс екенін көрсетеді. Айтыстың түркі мәдениетіндегі орны туралы Шығыс халықтарының мәдениетін зерттеуші, этномузикатанушы Jean During

«Such oratorical contests, variously called aitys, aitysh, or deish in local Turkic languages, are one of the cornerstones of nomadic culture in Central Asia» [4] – деп, айтысты көшпелі мәдениеттің негізі тетігі деп бағалайды, оның тек әдеби емес, этномәдени феномен ретіндегі маңызын айқындайды.

Дегенмен, бүгінгі таңда айтыс өнері түркі халықтарының барлығында бірдей сақталмаған. Суырыпсалмалық поэзия дәстүрі кейбір түркі этностарында тарихи-мәдени себептерге байланысты жойылып немесе әлсіреп қалған. Ал қазақ халқында айтыс – ұлттық өнер ретінде үздіксіз дамып, қазіргі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған жанрлардың бірі болып табылады. «Айтыстың белгілі бір халықтарда жиі я сирек кездесуі сол қоғамның, халықтың тіршілік жағдайларымен байланысты. Түркияда ақындай айтысына «атышма», «дейішме», «каршылама», «каршыбери» деген атаулар берілген. Қазақ әдебиетіндегі сияқты түрік айтыс дәстүрі де ерте ғасырлардан бастау алады. Алайда бізде XIX ғ. бұрынғы айтыстар жайлы мәліметтер жоқ. Жоғарыда айтылғандай мұның себебі – бұл өнер түрлерінің ауызша тарағаны және импровизацияланып жазбаша түрінің болмауы» [5].

Жазушы С.Мұқанов айтыс қазақтың ескі заманнан келе жатқан ауыз әдебиетінің бір кең саласы екенін айта келіп: «Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алғандай болады. Ақын халықтың ең сүйкімді, ардақты адамдарының қатарында. Халықтың ақынды жақсы көруіне себеп – оның шешендігі ғана емес, олардың айтыста, иә басқа шығармаларда халық тұрмысының шындығын суреттеуі, қуанышы мен қайғысына шын көңілмен ортақтасуы» [6,156], – дейді. Айтыс ақындары өздерін жеке тұлға ретінде емес, халық үнін жеткізуші, қоғамдық өкіл қызметін атқарады. «From behind the veil of ‘folklore’ as apolitical culture, poets capitalize upon the dialogic conditions of performance to embed criticism of current government officials in anti-Soviet nationalist rhetoric by using language itself as a primary metaphor for the needs of ‘the people» [7].

Ұлттық мәдени мұраны сақтау ел үшін маңызды міндет болып табылады, осыған байланысты қазіргі қазақ айтысының сақталып, қайта жаңғыруына үлес қосқан ақын шығармашылығын зерттеу қашан да өзекті. Бұл тұрғыда айтыс – тек поэтикалық өнер түрі ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен тарихи жадының айнасы ретінде көрінеді. Айтыскер ақын шығармашылығын зерттеу арқылы біз халықтың рухани болмысын, дүниетанымын, өмір сүру салтын, қоғамдық көзқарасын тануға мүмкіндік аламыз. Әсіресе қазіргі кезеңде дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында дамып келе жатқан айтыс өнері жаңа мазмұнмен, заманауи тәсілдермен толыққанымен, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымды сақтап отыр. Сондықтан айтыскер ақынның шығармашылық мұрасын талдау – ұлттық мәдениетті тану мен ұрпақ санасына сіңірудің тиімді жолдарының бірі саналады.

Тәуелсіздік алар тұста айтысқа жаңа леп әкеліп, бұл өнердің мәртебесін асқақтатқан айтыс өнерінің көрнекті өкілдерінің бірі – Әсия Беркенова. Әсия Әйіпқызы Беркенова – 1950 жылдың 22 сәуірінде

Әулиекөл ауданының Сұлукөл ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді педагог, Қазақстанның халық ағарту ісінің үздігі, айтыс өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар импровизатор, халық ақыны. Ұлттық өнерімізді сақтап, насихаттап-дәріптеуге, бұл өнердің өркендеуіне маңызды үлес қосқан тұлға. Әсия Беркенова – қазақ ауыз әдебиеті мен суырыпсалма поэзиясының дәстүрінде қалыптасқан, дарынды айтыскер ақын. Жастайынан халықтық рухани мұрамен сусындап, ұлттық тәрбиені бойына сіңірген ақынның шығармашылық болмысына отбасындағы мәдени-рухани орта, көлөнер шебері нағашы атасының, емшілік қасиеті бар әжесінің, халық әнінің шебер орындаушысы анасының ықпалы зор болды.

«Ақын. Айтыскер. Халық ақыны Әсия Беркенова туралы бір үзік сыр» атты бағдарламасында ақын соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңдегі балалық шағы мен сол кезеңнің оның мінез-құлқы мен дүниетанымына тигізген әсерін ашық баяндайды. Еңбек жолын орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде бастаған болашақ айтыскер, білім беру саласында қызмет ете жүріп, аудандық айтыс додаларын ұйымдастыруға бастама жасайды. Бұл – оның ұлттық өнерге деген жанашырлығын, айтыс дәстүрін жаңғырту жолындағы белсенді ұстанымын танытатын маңызды қадам болды.

Айтыс додасына өткен ғасырдың 80-жылдарында келіп, аудан көлемінде Ғаббас Тұралин, Әбілқасым Тәңірбергенов, Аңсаған Қориндармен айтыстар ұйымдастырылып, аудан, облыс намысын жыр сайыстарында талай қорғайды. Айтыстың ренессансы аталған сексенінші жылдарда, дәлірек айтсақ, 1984 жылы Кенен Әзірбаевтың жүзжылдығына ерекше өнер үлгісін көрсетті. Осылайша, суырыпсалма ақын айтыс өнерінде талай жұртты таң қалдырып тамсандырды. «Талай аламан айтыстарда бас жүлделерді қанжығасына байлаған азулы ақын. Әсіресе, Абылай ханның – 280, әнші Мұхиттың – 150, Қажымұқан палуанның – 120, Шақшақұлы Жәнбек батырдың – 300 жылдығы тойларында дара таланты жарқырай көрінген ақын. «Жарасым» атты қыз-жігіттер айтысында «Сара» атындағы жүлденің иегері атанған. Монғолия, Қытай, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ресей және Қазақстан ақындарының арасында өткен халықаралық айтыстың жүлдегері Әсия – Қостанай өңірінде Омар Шипиннен кейін Халық ақыны атағын алған дүлдүл ақын. Қазіргі уақытта Әсия Беркенованың есімі бүкіл жыр сүйер қауымға ғана танылып қоймай, елімізден тыс жерде тұратын қазақтарға да белгілі болып отыр»[8].

Ә. Беркенова жастайынан ақындық өнерге, айтыс дәстүріне қызығушылық танытып, түрлі жыр мүшәйраларына қатысқан. Өзінің таланты мен табандылығының арқасында тез арада танымал болып, заманымыздың ең үздік айтыскерлерінің бірі ретінде танылды. Көркем поэтикалық жыр жылдарымен қатар халық ауыз шығармашылығының танымал болуына әсер етті. Айтыскер ақынның поэтикалық стилі өзінің мәнерлілігімен ерекшеленеді. Ақынның айтыс өлеңдерінде мәдени мұраны сақтау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жастарды ұлтжандылыққа шақыру, қазақ әйелінің қоғамдағы рөлі және әлеуметтік әділетсіздік сияқты маңызды тақырыптар көтеріледі. Ақын Әсия Беркенованың өлеңдерінде

өскелең ұрпақ үлгі аларлық ақыл, өсиет-өнеге мен тәрбиелік маңызы зор сөздер көп.

Талай республикалық айтыстарда топ жарған Әсия Беркенова – жай ғана ақын емес, өз шығармашылығы арқылы айтыс дәстүрін дамытып, дәріптеп келе жатқан мәдениет елшісі. Оның қазақ поэзиясына қосқан үлесі – осы бірегей жанрды сақтау мен жаңарту әрі жаңғырту жолындағы маңызды рөл атқарады. Ақын мәдени мұрамызды байыта отырып, аталмыш өнер дәстүрін қазіргі жас ақындардың бойына сіңіріп те келеді.

Ақынның озық шәкірттерінің бірі, қазіргі айтыстың ақтаңгері атанған Айбек Қалиев: «Әселхан, Әсия апаларым мен ұстазым Қонысбай ағаның сол кезеңдегі ақындар арасында дара шығып, «Халық ақыны» да атануы бекер емес. Кеңес заманынан өзіндік ұлттық мәселелерді, елдік мұратты айтыс сахынасына алып шықты. Тіл мәселесін көтеріп жасындай жарқыраған Әсия апамыздың отты жырлары намыстың найзағайындай еді. Әсия апамыздың айтыстары менің шығармашылығымда да әсерін тигізіп ақын болып қалыптасуыма негіз болды. Айтыста жеңіл-желпі, әзіл-қалжың емес, елдік мәселелерді көтеру халықтың көкейінде жүрген проблемаларды айтуды мен осы кісілерден үйрендім» деп ақынға зор ілтипатын білдіреді [9].

Аманжол Әлтаев «Қазіргі айтыс өнеріндегі заман келбеті» атты зерттеу еңбегінде Әсия Беркенованың Есенқұл Жақыпбекпен, Ерік Асқаровпен өткен айтыстарын талдай келе, ақындардың өзара сыйластықпен сөз арнауы жиналған халық үшін тағылымдық үлгі болғанын, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің алуан қыртыстарына тереңдемей, жеңіл қағысуларына коммунистік идеология бөгет болғанына қарамастан ақындық күшін көрсете алғанын байқайды [10, 17].

Халық ақыны Әсия Беркенова өзінің бір сөзінде ақын болудың оңай еместігін, әсіресе, нәзік жандыларға бұл жолды алып жүру қиынның қиыны деген ойды айтады [11].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалабарысында зерттеу нысанына алынған ақын Әсия Беркенованың қазіргі айтыс өнерін дамытуға қосқан үлесі мен ақынның шығармашылығын зерттеу мақсатында теориялық талдау әдістері пайдаланылды. Ақынның авторлық қолтаңбасын анықтау үшін айтыстардағы өлең-жырларының жазбаларын, газет-журналдардағы жарияланымдарын («Әулиекөл», «Қостанай таңы», «Naryzum tynysy» газеттері), өмірбаяндық материалдар мен сұхбаттарын баяндау, саралау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Ақын өлеңдерінің құрылымы мен тілін, көркемдік ерекшеліктерін талдау үшін салыстыру, зерделеу, қорытындылау әдістері қолданылды. Теориялық негіз ретінде айтыстың тарихы мен қалыптасуына байланысты Қ.Д. Асановтың «Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты: монография», С. Қасқабасовтың «Жаназық. Әр жылғы зерттеулер» атты еңбектері басшылыққа алынды. Сондай-ақ түркі тілдері арасындағы айтыс өнерінің қалыптасуы бойынша Мехмет Али Йылмаз «Қазақстан және Түркия

ақындар айтысы дәстүрінің негізгі принциптері» мақаласы, Dubuisson E.(2010) «Confrontation in and through the Nation in Kazakh Aitys Poetry» ғылыми зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Айтыс – ел қуанышын, ер абыройын қызыл тілмен толғайтын, шашасына шаң жұқтырмас жүйріктердің басын қосатын, ел мүддесін екі ауыз сөзбен жеткізетін шешендердің сөз өнері. Айтыста үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіру өнегелі ақынның белгісі. Әсия Беркенова сахнада мәдениетін берік ұстайды. Қай ақынмен айтысса да байыптылық пен байсалдылық, жоғары мәдениет байқалады.

Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына арналған Тараз қаласында өткен келесі бір сөз сайысына Әсия Беркенова Есенқұл Жақыпбековпен түседі. Финалға өткен екі ақын арасында айтысты Әсия Беркенова әдемі бастайды:

*Үстінде кездестік-ау жайлы істің
Демессің жерде тұрып айды құштым
Есенқұл әдемі айтыс жасайықшы
Жамбылмен айтысындай Айкүмістің [12]*

Замандасы Қонысбай Әбіловпен жыр тартысында Ақсұлу ақын дәстүрін жалғаған ақын екенін көркем жеткізеді.

*Шабытым шырқап елді, арбаса үнім,
Топ жарған Қостанайдың алмасымын.
Кешегі Нұржан ақын басын иген
Арудай Ақсұлудың жалғасымын[11]*

Қарсылас жерлес ақынның да мерейін өсіруді ұмытпайды ақын.

*Елімнің аялаған мен бір гүлі,
Торғайдың сайрап шыққан сен бұлбұлы.
Мен күншіл жан емесін көре алмайтын,
Сендей-ақ болсын деймін елдің ұлы [11]*

Әсия Беркенова мен Бекарыс Шойбековтың айтысы – халық жадында сөз саптау шеберлігімен ерекше сақталған айтыс үлгісі. Әзілі орынды айтылған жыр жарысында Бекарыс ақын:

*Әлі де Қыз Жібектей көркің қандай?,
Біреуге беріп қойған сертің бардай – деп сөз тізгінін өзі бастайды.*

Әсия Беркенова қисынды жауап қайтарады:

*Баламның төгілгенде асыл жыры,
Жапырақ жайды, міне, жасыл гүлі.
Апаңды қыздай қылып ұстай алған,
Ауылдағы ағаңның асылдығы [13].*

Әсия Беркенова сөздің астарлы мағынасын құбылта, құлпырта қолдануға шебер. Сұлу сөз, құрғақ сөз, жібек оймен жүйеленген сөз эпитет, метафораларын орынды қолданады.

*Сұлу сөз қатпарларын қазып бүгін,
Кеңітті көңілімнің жазықтығын...*

*Тіліңе сұлу сөзден түсіпті алмаз,
Шын аңшы қансонарға күшікті алмас...
Қиқулап құрғақ сөзбен құмай сағым,
Жеңіп ал, ақын болсаң, жырдың тағын...
Жігітсің сабыр кілтін иеленген,
Сөзің бар жібек оймен жүйеленген... [13].*

Ақын қолданысында сөз ұғымының түрлі бейнесі жасалады. Сүзбедей сығымдалған сөз, сұйық сөз, семсер сөз, есті сөз, қымбат сөздің қаймағы тіркестері шынайы ақындық дарынды байқатады.

*Жүйкені жұқартады-ау кермек дәмі,
Сөздерің сүзбедейін сығымдалған...
Сапырма сұйық сөздің сабасын тек,
Тау жанишып, тас илейтін жасындасың.
Анаң семсер сөзбен сайланып өт...
Есті сөз ел есінде қалдырсайшы,
Шыбыннан шырын жұққан із қалады...
Құмармын қымбат сөздің қаймағына... [13]*

Ақын тәтті сөз бен жел сөз тіркестерін қарама-қарсы мағынада жұмсайды.

*Еліне тәтті сөзді арнасайшы,
Жел сөздің базарына бармасайшы...*

Әсия Беркенова қолданысында кез келген сөз жаңа реңкке ие болып, метафораланып, мағынасы ауыстырылады. Шабыт сандығы, жыр жорғасы, жыр балауызы, жамалған жырлар, ойдан ойылған өрнек, жыр қазаны, жыр кептері сөз қолданыстары ақындық жаңаша сөз қолданыстары.

*Шабыттың шын сандығын аша алмайды...
Берген соң ерік жырдың жорғасына..
Жырыңның балауызы таусылды ма,
Күн шықса нұр қашады айдан-дағы.
Өрнекке ойдан ояр олақсың-ау,
Жырларын жамалғандай жырым-жырым.
Қайнатшы жыр қазанын балам сірә...
Жегілсін тілім дейді байлауыңа,
Жыр кептер қонар,сірә, жайлауыңа [13]*

Бекарыс Шойбековпен айтысында қостанайлық ақын оңтүстік өңірдің қарын аруана-жырымен ерітеді.

*Мен-дағы дауылдайын дүрілдеген,
Болсам да аруана-жыр білінбеген.
Ерітем сұр қарыңды Оңтүстікте,
Ақпанның боранымен, жырымменен.*

Жас ақынды шабақ балыққа, өзін азулы қасқырға балайды:

*Азулы анаңнан сен қорықпағын,
Жұтуға сен шабақты қия алмаспын.*

Сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу үшін ақын сөз бен сөз тіркестерін бірнеше мәрте қайталап қолдану тәсілін қолданады.

*Шын жүйрік шапқан сайын желдетеді,
Шын ақын шабыт қысса селдетеді...
Жырына қосқан кеше белің қайда,
Аяулы Отырардай жерің қайда?
Бір атты мінгізбесе келін алар,
Киелі Қазығұрттай елің қайда?..
Не пайда атың көпке жайылғаннан,
Не пайда елсіз өскен жай ұланнан,
Не пайда қара қазақ халқыма тек,
Төбедей бір байларың байығаннан[13]*

Бір құбылыстың белгі-қасиетін, сапасын екінші нәрсемен салыстыру көркемдік ұғым теңеуді ақын қолданысында ерекше сипатқа ие. Бірде қытайдағы будда мүсіндерін, бірде көк бөріні, енді бірде шайтанның жылан шәкіртін елестетеміз.

*Буддадай будақ-будақ бұйратылып,
Қалмаспыз осы жерде қиратылып...
Қазақтың қасиеті көк бөрідей,
Бабасын баласымен жалғастырар...
Шайтанның шәкіртіндей жыландайсың...*

Әсия Беркенова әдеби тілді ажарлап, сөздің реңкін келтіруге дауыссыз дыбыстарды қайталау тәсілін шебер қолданады.

*Табармыз түлкі заман амалын-ай,
Қалмасақ бұл заманның қамалында-ай.
Тілегім тек ұлтымның тектілігі,
Тексіздің тапталмасын табанында-ай...
Шабытың шарықтасын шаңға бөкпей,
Шын жүйрік шабыстарда шыңдалады... [14]*

Ақын айтыс өнері арқылы қоғамдық, әлеуметтік, ұлттық, рухани-мәдени тақырыптарды батыл қозғап, тыңдаушыны ойландыра алатын сұхбаттар жүргізе білді. Әсіресе, айтыстарында жас ұрпақты тәрбиелеу, адамгершілік пен отбасылық құндылықтарды насихаттау тақырыптарын жиі қозғаған. Мәселен, Әсия Беркенованың Ермек Жұматаевпен айтысында қоғамдағы әйелдің орны мен мәртебесі мәселесі қозғалады. Айтыстың бір жолында:

*Айтыста жыр маржанын теріп жүрсе,
Жақұтын жақсы сөздің көріп жүрсе.
Оңамыз біз қашан да тек осылай,*

Әйелдің соңынан ері еріп жүрсе [15] - деп бастап, қоғамдағы әйел рөлінің маңыздылығын көтереді. Бұл айтыста Ермек ақын да соңғы кезде қоғамда жиі кездесетін көп әйел алу тенденциясына оң көзқарасын білдірсе:

Жеңгеме бүгін батып жансам деймін.

Көп елде соңғы кезде әйел алды.

Мен де сол екі әйел алсам деймін...[15].

Әсия Беркенова өз көзқарасын батыл ұсынады:

Бір байы масыл болып жүрген әйел,

*Сендейді, сірә, Ермек қайтер дейсің
Қызу жоқ жылытатын құшақты алып,
Көңіл жүр парша-парша пышақталып.
Екі әйел алмақ түгілі бүгін еркек,
Кетті ғой тиындайын ұсақталып [15].*

Қоғамда тиындай ұсақталған, енжар ер адамдардың бар екендігін жоққа шығармайды.

Әсия Беркенова 1999 жылы Астанада халықаралық ақындар айтысында Дәулеткерей Кәпұлымен тамаша өнер үлгісін көрсеткен. Осы айтыс көпшіліктің есінде ұзаққа сақталған. Әсия Беркенова сөзбасын әсерлі бастап өзін ақ тұйғынға, ал шабытын шылбырын үзген арғымаққа балайды:

*Айтыстың ақ тұйғыны ұшпай тұрып,
Жөн болар жұртым сенімен сәлемдескен...
Сүйеуішім сайыстарда деп білемін,
Шабытым шылбыр үзіп кетті менің [15].*

Аталмыш айтыстың негізгі тақырыптық өзегі – қандастар мәселесі арқылы ұлт бірлігін насихаттау болады. Мәселені бірінші болып Дәулеткерей Кәпұлы жырлайды:

*Тыңдаңыз бір-екі ауыз мұңын елеп.
Ашынан артық айтсам кешір, ана,
Демегің неге бала күңіренеді?
Оралмандар жайында сөз айтпақпын,
Үкіметтің құлағының түбіне кеп.
Ашқанмен құшағыңды айқарып құр.
Шаттығы көңілдердің шайқалып тұр [14].
Жас ақынның сөзіне жауап ретінде Әсия Беркенова:
Отаным, елім деп бір, еңіреп бір.
Келгені оралманның жазығы ма?
Болып тұр бұл заманның бәрі қайғы,
Күтпейік бұл өмірден сары майды.
Бауырлас аузы асқа жарымаса,*

Алаштың аузы асқа жарымайды [14] – деп, тарихи Отанына оралған қандастардың тағдырына жанашырлық білдіреді.

*Қаны бір қазағымыз қайтып келсе,
Жарасар қазағыма бөліп ішкен...*

Қазақ халқының қонақжайлылығы мен бауырмалдық қасиеттерін еске алып, қоғамдағы қандастарға қатысты жікшілдікті айыптайды.

*Қол салып елдің ащы жарасына,
Ой салып Алаштың кең даласына.
Оралман баспанаға зар боп жүрсе,
Коттежді салып берер баласына.
Демеймін елден артық салып берер,
Пайдасын сол теңгенің халық көрер.
Оралман бір ақысын ала алмаса,
Байларым мерседесті алып берер [14].*

Ақын бас пайдасын ойлаған шенеуніктердің, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті батыл сынайды.

Айтыс барысында Әсия Беркенова жас ақындыелге қызмет етуге, ұлттық мәселелерге назар салуға шақырады:

*Жан едім жел сөздерге желікпеген,
Өлеңнің шабыттарын беріп келем.
Жарамас жас қыранға жөргегінде,
Жарамас жапалаққа еліктеген.
Естідім жан жаралы толғамыңды-ай,
Наразы бұл еліне болғаныңды-ай.
Жан балам қанат қатып тек көрейін,
Сенің де сірә қыран болғаныңды-ай [14].*

Дәулеткерей ақынды жас қыранға балап, үміт артады. Ақын өнерді тек қара бастың қамы үшін емес, ұлт пен халықтың мүддесі үшін пайдалануға шақырады.

Әсия Беркенованың өлең жолдары мазмұнды, әр шумақта айшықты теңеулерге көп.

*Қыз биязы текеметтің түгіндей,
Қыздар әсем қырдың қызыл гүліндей
Көңілінен шыққан затты қашанда,
Дейді халқым: «Қыздың жиған жүгіндей» [15].*

Ақын қазақы тұрмыс пен табиғат көріністеріне сүйене отырып, қыздың сыртқы сұлулығын бейнелеу құралдары арқылы береді. Текеметтің түгі – бұл жерде жұмсақтық пен нәзіктікті білдірсе, қырдың қызыл гүлі – әсемдік пен табиғи көркемдіктің символы. Бұл – қазақ поэтикасындағы дәстүрлі теңеулер мен символдық бейнелеудің көрінісі. «Көңілінен шыққан затты қашанда, Дейді халқым: «қыздың жиған жүгіндей» жолдарында қыздың тәрбиесі, ұқыптылығы мен мәдениеті. Ақын осы бейнелер арқылы қыз – ұлттың тәрбие өлшемі дегенді жеткізеді.

Немесе,
*Кешегі Нұржан ақын басын иген
Арудай Ақсұлудың жалғасымын [14]*
Немесе,
*Төгілмей сорласам да тамшылайсың,
Шабыттың шалқар кегін қамшылайсың.
Жамбылдай жыр теңіздің ұрпағы едің,
Төгілмей неге сонша тамшылайсың*

Әсия Беркенова ойды терең жеткізу мақсатында метафоралар мен аллегорияларды, ассонанс пен аллитерацияларды ұтымды қолдана біледі. 1997 жылы Алматыда өткен республикалық айтыста Әсия Беркенова мен Ермек Жұматаев арасындағы жыр тартысында Әсия Беркенова:

*Бойымда жыр бұлағы сарқылмаған,
Білемін тілектес деп жалпың маған.
Жырымның жанартауын алып келдім,
Кезім жоқ сайыстарда салқындаған.*

*Қашан да жырдан таспа сегіз өрген,
Ойнақтап қозы-лағы егіз өрген.
Сәлем ал алматылық ағайындар,
Қостанай-Торғайдайын егіз елден [15].*

Сөз мағынасын ауыстырып, жыр бұлағы сарқылмаған, жырымның жанартауы метафоралы сөз тізбегін қатарынан шебер қолдана отырып жырдан таспа сегіз өрген астарлы сөзді орнын ауыстыра инверсия әдісіне шебер сыйғызады.

*Сайыста сыйластықты жөн көріп ем,
Талабын таланттының сең көріп ем.
Тағы да тоғыстырды өнер бүгін,
Екейдің еркетотай Ермегімен...
Кемпірдің кетпегіндей кексек болмай,
Жырыңмен көрсет жастық жігеріңді [14]*

Немесе,
*Сұңғимін терең ойдың қайраңына,
Құмармын қымбат сөздің қаймағына.
Сабасын қымыз жырдың сапырсайшы,
Қайным-ай, ұйи бермей айраныңа.*

Танымал айтыскер ақын Дәулеткерей Кәпұлымен айтысында қуатты, көркем сөзді қымыз жырға, мәнсіз сөзді ұйыған айран ұғымдарымен қарама-қарсы мағынада қолданып шеберлік танытады.

Әсия Беркенова Ермек Жұматаевпен бір айтысын әзіл сөзбен бастап, жеңіл әзілден өткір мысқылға ауыстырады.

*Шоқ болып түсем бүгін таңдайыңа,
Дайын бол өткір сөздің қандайына.
Кемпір деп кемітіп ең өткен жылы,
Тағы да мен жазылдым маңдайыңа.
Өнерден үзбес үшін күдеріңді,
Асқақтат аспанға бір жіберіңді.
Кемпірдің кетпегіндей кексек болмай,
Жырыңмен көрсет жастық жігеріңді [14].*

Әсия Беркенова жыр маржаны, жақсы сөздің жақұты сөз тізбектерін құлпырта қолданады.

*Айтыста жыр маржанын теріп жүрсе,
Жақұтын жақсы сөздің көріп жүрсе [14].*

Қорытынды

Айтыс — қазақ мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігі, ежелгі мұрасының бірі. Ал, айтыс ақыны — қай уақытта да ел мұңын жырлаушы, халықтың жоғын жоқтаушы. Халық мұңы ақын жыры болып өрілетін заманда айтыскер ақын да заман талабына сай болуы тиіс. Қазіргі қазақ айтысының көрнекті өкілі Әсия Беркенова — ел-жұрты талантын мойындаған, өнерде өзіне лайық бағасын алған төкпе ақын. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын мәдени мұрамызды сақтауда ақынның еңбегі ерен.

Әсия Беркенованың айтыстарын зерттеу нәтижесінде қазіргі айтыс өнерінің ерекшеліктері мен ақынның жеке қолтаңбасы бойынша келесідей маңызды нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Қазіргі айтыстың әлеуметтік мазмұнының кеңеюі. Әсия Беркенова айтыстарының негізгі нәтижелерінің бірі – оның қоғамдағы өзекті мәселелерге, атап айтқанда, халықтың мұң-мұқтажын жырлай отырып әлеуметтік теңсіздікке, билік өкілдерінің кемшіліктеріне батыл сын айтуы.

2. Дәстүрлі тақырыптардың жаңаша интерпретациясы. Ақын дәстүрлі отбасылық құндылықтарға қатысты тақырыптарды (мысалы, көп әйел алу) қазіргі заманғы гендерлік және әлеуметтік контексте қарастырып, оларға әйел көзқарасынан сын айтады. Бұл айтыстың мазмұндық тереңдігін арттырады және оның өзектілігін сақтауға мүмкіндік береді.

3. Әсия Беркенова айтыс алаңында әйелдің тек қана сыйлы ана немесе жеңге бейнесінде ғана емес, қоғамдық мәселелерге белсенді араласатын, өз пікірі бар, сыншыл тұлға ретінде көрінуіне ықпал етеді. Бұл нәтиже қазіргі айтыстағы ақын қыздардың рөлінің күшейгенін және олардың әлеуметтік мәселелерді көтеруге батылдық танытатынын көрсетеді.

4. Поэтикалық шеберліктің және тілдік құралдарды қолданудың шеберлігі. Әсия Беркенованың метафоралар, теңеулер мен эпитеттерді шебер қолдануы оның тілдік байлығын, ойын көркем жеткізу қабілетін және өлеңдерінің эстетикалық құндылығын арттырады. Бұл қазіргі айтыс тілінің көркемдік ерекшелігінің дамуын көрсетеді. Ақынның қарсыласының сөзін лезде теріп алып, оған орынды жауап қайтаруы, тақырыптық ауысуларды логикалық және көркемдік тұрғыдан дұрыс жүзеге асыруы оның суырыпсалмалық шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

5. Ақындық ұстанымның және өнерге деген талаптың айқындығы. Әсия Беркенова айтысты тек өнер ретінде емес, қоғамдық сананы қалыптастыру және ұлттық құндылықтарды насихаттау құралы ретінде пайдаланады. Оның жас ақындарға деген өнеге-өсиеті, өнерге жоғары талап қоюы, ақындық жауапкершіліктің маңыздылығын көрсетеді.

Жоғарыда аталған нәтижелер Әсия Беркенованың қазіргі айтыс өнеріндегі орнын, оның шығармашылығының айтыстың дамуына қосқан үлесін және қазіргі айтыстың әлеуметтік-мәдени функциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Айтыстың абыройын асырып жүрген Әсия Беркенова секілді талант иесі халық дәстүрін дамытуы айтыстың әдеп, мәдениетін сақтауы көпшілік көкейінен биік орын алатыны сөзсіз. Ақынның құнды ойлары, тағылымды пікірлері, әсіресе, кейінгі айтыс өнеріне, ден қойып жүрген ақын іні-сіңлілеріне қашан да ғибрат болмақ. Ерте заманнан үзілмей жалғасып келе жатқан халықтың ең бағалы өнерінің атын өшірмей, жандандырып жүрген айтыскер мұрасы әлі де талай зерттеуді қажет етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Асанов К.Д. Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты: монография. — Астана: Фолиант, 2010. — 400 б.
- [2] Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. — Астана: Аударма, 2002. — 584 б.
- [3] Мурсалимова Н. Жетісу ақындар айтысының жиналу тарихы (қолжазбалар негізінде) // Керуен. — 2022. — №2, 75-том. — Б. 14–24. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.1-07>
- [4] Smithsonian Center for Folklife and Cultural Heritage. The Silk Road: Connecting Cultures, Creating Trust [Program Book]. — Washington, D.C.: Smithsonian Institution, 2002. — 120p.
- [5] Мехмет Али Йылмаз. Қазақстан және Түркия ақындар айтысы дәстүрінің негізгі принциптері // Түркі әлемі Хабаршысы, Филология сериясы. — 2007. — №1. — Б. 45-58.
- [6] Мұқанов С. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. — Алматы: Жазушы, XV т., 1979., 380 б.
- [7] Dubuisson, E.-M. Confrontation in and through the Nation in Kazakh Aitys Poetry // Journal of Linguistic Anthropology. — 2010. — №20(1). — P. 101–115. DOI:10.1111/j.1548-1395.2010.01051.x
- [8] Сыздықова Ж. Қара сөзді қайнатып жыр етемін / Әулиекөл газеті. 18 маусым, 2015ж.
- [9] Ағытаев И. Арынды ақынның айтулы кеші: айтыскер ақын Әсия Беркенованың кездесу кеші / Қостанай таңы. 1993 ж.
- [10] Әлтай А. Қазіргі айтыс өнеріндегі заман келбеті: әдеби талдау. — Нұр-Сұлтан: «Кәусар» баспасы, 2020. — 176 б.
- [11] Оңтүстік Қазақстан газеті. Ақындар келді алыстан айтары көп... №206 23 октябрь, 1998ж.
- [12] Әсия Беркенова мен Есенқұл Жақыпбековтың айтысы <https://www.youtube.com/watch?v=RBbc3cB8gZI>
- [13] Әсия Беркенова мен Бекарыс Шойбеков айтысы <https://www.youtube.com/watch?v=D92hjMUMYDY>
- [14] Әсия Беркенова мен Дәулеткерей Кәпұлы Айтысы <https://www.youtube.com/watch?v=QO2A6DzNyZQ>
- [15] Әсия Беркенова мен Ермек Жұматаев Айтысы <https://youtu.be/y7rCmqJBb-o?si=CxiHhNJkWmQjm3Ri>

REFERENCES

- [1] Asanov K.D. Aitys óneriniń publitsistikalyq sıpaty: monografiya [Aitys ónerinin journalistic sıpaty: monograph] – Astana: Foliot, 2010. — 400 p. [in Kaz.]

[2] Qasqabasov S. Janazyq. Ár jylygy zertteýler [Janazyq. Yearly studies]. – Astana: Áýdarma, 2002. – 584 p. [in Kaz.]

[3] Mursalimova N. Zhetisu aqyndar aitysnyyn zhinalu tarihy (qolzhazbalar negizinde) [History of the collection of Zhetysu Akyn aitys (based on manuscripts)] // Keruen. – 2022. – №2, 75-tom. – B. 14-24. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.1-07> [in Kaz.]

[4] Smithsonian Center for Folklife and Cultural Heritage. The Silk Road: Connecting Cultures, Creating Trust [Program Book]. – Washington, D.C.: Smithsonian Institution, 2002. – 120p.

[5] Mehmet Áli Yilmaz. Qazaqstan jáne Túrkiia aqyndar aityśy dástúrinin negizgi printsipteri [Main principles of the Kazakh and Turkish poets' improvisational contests] // Túrki álemi Habarshysy, Filologiya seruiasy. – 2007. – №1. – B. 45-58. [in Kaz.]

[6] Mukanov S. Halyq murasy. Tarihy-etnografialyq sholý [Folk Heritage. Historical and ethnographic review]. – Almaty: writer, volume XV, 1979. 380b. [in Kaz.]

[7] Dubuisson E.-M. Confrontation in and through the Nation in Kazakh Aitys Poetry // Journal of Linguistic Anthropology. – 2010. – №20(1). – P. 101–115. DOI:10.1111/j.1548-1395.2010.01051.x

[8] Syzdiqova J. Qara sózdi qainatyp jyr etemin / Áuliekól gazeti. 18 maýsym, 2015.

[9] Agitayev I. Aryndy aqynnyń aityly keshi: aytysker aqyn Ásıia Berkenovanyń kezdesý keshi [The famous evening of the poet Aryndy: the meeting evening of the poet Asiya Berkenova, aitys artist] / Kostanay tany. – 1993. [in Kaz.]

[10] Altai A. Qazirgi aitys ónerindegi zaman kelbeti: ádebi taldaý [The modern appearance of modern aitys art: literary analysis]. – Nur-Sultan, 2020. [in Kaz.]

[11] Ontústik Qazaqstan gazeti. Aqyndar keldi alystan aitary kóp... [The poets came from far away and have a lot to say...]. №206 October 23, 1998. [in Kaz.]

[12] Ásıia Berkenova men Esenqul Jaqypbekovtyń aitys [Aytys by Ásıia Berkenova and Esenqul Jaqypbekov] <https://www.youtube.com/watch?v=RBbc3cB8gZI>

[13] Ásıia Berkenova men Bekarys Shoibekov aitys [Aytys by Ásıia Berkenova and Bekarys Shoibekov]. <https://www.youtube.com/watch?v=D92hjMUMYDY>

[14] Ásıia Berkenovamen Ermek Jumataev Aitys [Aytys by Ásıia Berkenova and Ermek Jumataev]. <https://youtu.be/y7rCmqJBb-o?si=CxiHhNjKWmQjm3Ri>

[15] Ásıia Berkenova men Dáýletkerei Kápuly Aitys [Aytys by Ásıia Berkenova and Dáýletkerei Kápuly]. <https://www.youtube.com/watch?v=QO2A6DzNyZQ>

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ГРАНИ СОВРЕМЕННОГО АЙТЫСА (НА ОСНОВЕ АЙТЫСОВ АКЫНА АСИИ БЕРКЕНОВОЙ)

Шахманова Г.Ш.¹, *Тлеубердина Г.Т.², Нуржаксина М.К.³

^{1,*,2,3} Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова
Кокшетау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается один из древнейших видов искусства казахского народа – фольклорный жанр айтыс. Айтыс является неотъемлемой частью казахской культуры и традиций, формируя значительный пласт литературного наследия и внося вклад в сохранение национального сознания, языка и истории. Одной из ярких представительниц этого традиционного искусства, отличающейся мастерством импровизации, является Асия Аиповна Беркенова. Она – одна из выдающихся акынов, внесших значительный вклад в возрождение казахской культуры и сохранение национального наследия. В статье рассматриваются творческий путь и вклад в развитие искусства айтыс талантливой поэтессы, сумевшей передать свое мастерство через поэтическое слово на сцене.

Основная цель исследования – комплексный анализ творческого наследия айтыскер-поэтессы и определение её роли в современном казахском айтысе. В ходе исследования проанализированы индивидуальный стиль поэтессы, её языково-стилистические особенности, мастерство использования художественного слова, а также её взгляды на общественные и социальные вопросы. Поэтический анализ позволил выявить художественно-эстетическое содержание айтысов Асии Беркеновой.

Научная значимость работы заключается в выявлении художественных аспектов айтыса современного периода через призму индивидуального творчества, а также в раскрытии национальной идеи и преемственности духовного наследия в айтысной поэзии. Показано, что Асия Беркенова сумела продолжить традиции казахских девушек-айтыскерок, создавать художественно ценные айтысы, следовать требованиям и задачам жанра, оставив свой неповторимый след в истории современного айтыса. Особое внимание уделено её обращению к актуальным историко-социальным, общественным, политическим и литературным темам, а также воспитательному потенциалу творчества, направленного на укрепление семейных ценностей, формирование национальной идентичности и осознание историко-литературной преемственности молодым поколением.

Практическая значимость исследования заключается в возможности использования его результатов в курсах по устной народной литературе, при анализе и преподавании айтыса, а также в подготовке учебно-методических пособий и образовательных программ.

Современный казахский айтыс как синкретическое искусство претерпевает тематические и жанровые изменения, развиваясь в русле времени. Анализ айтысов, адаптированных к современным тенденциям и потребностям, подчеркивает актуальность исследования. Данная статья вносит значимый вклад в изучение казахской культуры и литературы,

расширяя представления о роли айтысного искусства в духовном наследии народа.

Ключевые слова: айтыс, поэт, изобретательность, художественный подход, Асия Беркенова, мастерство, поэтическая структура, поэтическое наследие

ARTISTIC FACETS OF MODERN AITYS (BASED ON AITYS AKYN ASIYA BERKENOVA)

Shakhmanova G.Sh.¹, *Tleuberdina G.T.², Nurzhaksina M.K.³

^{1,*2,3} Kokshetau university named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan

Abstract. This article examines aitys, one of the oldest forms of Kazakh folk art. Aitys is an integral part of Kazakh culture and traditions, representing a significant layer of literary heritage while contributing to the preservation of national identity, language, and history. A prominent representative of this art, renowned for her improvisational mastery, is Assiya Aipovna Berkenova – an outstanding poet who has played an important role in reviving Kazakh culture and safeguarding national heritage. The article explores her creative path, artistic style, and contribution to the development of contemporary aitys.

The study aims to analyze the poet's creative legacy and define her unique place in modern aitys. It examines her individual style, linguistic and stylistic features, poetic techniques, and her reflections on socio-political and cultural issues. Poetic analysis reveals the artistic and aesthetic value of Berkenova's works, which address family values, moral education, and the preservation of national identity.

Scientific significance lies in highlighting the artistic dimensions of modern aitys through the lens of individual creativity and demonstrating the continuity of national ideas and spiritual heritage. Practical significance is that the findings can be applied in courses on oral folk literature, the study and teaching of aitys, and the preparation of educational and methodological materials.

Modern Kazakh aitys, as a syncretic art form, is undergoing thematic and genre transformations, and analyzing its contemporary trends underscores the relevance of this research.

Keywords: aitys, poet, ingenuity, artistic approach, Assiya Berkenova, skill, poetic structure, poetic heritage

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 18.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Шахманова Гульшат Шамельевна – педагогика ғылымдарының магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан, e-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6246-2356>

Тлеубердина Гульден Токатовна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің ғалым хатшысы, Көкшетау, Қазақстан, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

Нуржаксина Махабат Каратаевна – филология ғылымдарының магистрі, Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Көкшетау, Қазақстан, e-mail: makosya_06@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6471-2643>

Информация об авторах:

Шахманова Гульшат Шамельевна – магистр педагогических наук, Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, e-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6246-2356>

Тлеубердина Гульден Токатовна – кандидат филологических наук, профессор, ученый секретарь Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

Нуржаксина Махабат Каратаевна – магистр филологических наук, Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, e-mail: makosya_06@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6471-2643>

Information about the authors:

Shakhmanova Gulshat Shamelevna – Master of Pedagogical Sciences, Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: gulshat.shakhmanova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6246-2356>

Tleuberdina Gulden Tokatovna – Candidate of Philological Sciences, Professor, Scientific Secretary of the Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

Nurzhaksina Mahabat Karataevna – Master of Philology, Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: makosya_06@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6471-2643>